Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 10 кіреберіс
тел.: 7 (7172) 742704, факс:
e-mail: ksek@dsm.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мангилик Ел 8, Дом Министерств, 10 подъезд,
тел.: 7 (7172) 742704, факс:
e-mail: ksek@dsm.gov.kz

Исх. № 24-24-1-1/139-И от 19.01.2024, Вход № 609 от 22.01.2024

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттерге

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК (мәлімет үшін)

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет) мынаны хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2015 жылғы 24 маусымдағы № 841 бұйрығымен бекітілген Жарғыға сәйкес «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асырады.

Кәсіпорын:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 46-бабы 2-тармағының 5-абзацы негізінде санитариялық-эпидемиологиялық зертханалық зерттеулер бөлігінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы;

- Кодекстің 107-бабының 4-тармағына сәйкес инфекциялық және паразиттік аурулардың алдын алу және (немесе) жою мақсатында адамның инфекциялық және паразиттік ауруларының ошақтарында және инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарында ошақтық дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялауды;

- «Азаматтық қорғау туралы» ҚРЗ 92-бабы 3-1-тармағының 2-абзацына сәйкес тамақ өнімдеріне зерттеулерді (сынақтарды) жүргізеді.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның (бұдан әрі - Заң) 2-бабының 31-1) тармақшасына сәйкес форматтық-логикалық бақылау (бұдан әрі- ФЛБ) – мемлекеттік сатып алу веб-порталында орнатылатын, мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалық шектеулер кешені;

Мемлекеттік сатып алу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 474-тармағына сәйкес Заңның 39-бабының 3-тармағының 1), 6), 7), 16), 27), 29), 30), 33), 36), 38), 40), 41), 51) және 56) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алулар шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен веб-порталда белгіленген ФЛБ есепке алына отырып жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жоғарыда аталған негіздері бойынша Мемлекеттік сатып алу веб-порталында Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделмеген жағдайларда тапсырыс берушілерге шарттар жасасуға мүмкіндік бермейтін ФЛК белгіленген.

Рег.№ 609 Рег.дата 22.01.2024 Копия электронного документа. Дата: 21.02.2024 17:22. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

Кәсіпорын Комитеттің 2022 жылғы 10 ақпандағы №24-01-24/202 хаты негізінде және бұрын Қаржы министрлігі тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің мынадай кодтары (ТЖҚК) бойынша Заңның 39-бабы 3-тармағының 36) тармақшасы шеңберінде бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуға құқылы **өнім берушілер тізіміне** енгізген болатын:

- Санитариялық көрсетілетін қызметтер (дезинфекция, дезинсекция, дератизация және осыған ұқсас) (ТЖҚ БНА коды 812913.000.000000),
- Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің көрсетілетін қызметтері (ТЖҚ БНА коды 841212.000.000003),
- Диагностикалау /сараптау/талдау/сынау/ тестілеу/қарап-тексеру бойынша көрсетілетін қызметтер (ТЖҚ БНА коды 712019.000.000009),
- Зертханалық/зертханалық-аспаптық зерттеулер/талдаулар жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер (ТЖҚ БНА коды 712019.000.000010),
- Радиологиялық мониторинг/тексеру/ бақылау жүргізу жөніндегі қызметтер (ТЖҚ БНА коды 749013.000.000004).

Заңның 5-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын) жасау кезінде тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері және оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті.

Біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей емес, ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, бұл оларға Заңның 2-бабының бірдей функцияларын орындауға мүмкіндік береді (5-тармақша).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, 070-100-159 ерекшелігі бойынша мемлекеттік тапсырысты орындау кезінде – санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің көрсетілетін қызметтері (зертханалық өлшеулер, ошақты дезинфекция, дератизация, дезинсекция) ФЛБ-да көрсетілген тиісті лоттарға бөлінуі қажет.

Төраға **Н.Сәдуақасов**

Орынд: К.Исмайлова
Тел: 57-54-03

Подпись канцелярии
19.01.2024 19:25 ИМАМБЕКОВА МАЙЯ
Подпись руководителя
19.01.2024 19:06 САДВАКАСОВ НУРКАН

Рег.№ 609 Рег.дата 22.01.2024 Копия электронного документа. Дата: 21.02.2024 17:22. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 609 от 22.01.2024 г.
Организация/ отправитель	КОМИТЕТ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Рег.№ 609 Рег.дата 22.01.2024 Копия электронного документа. Дата: 21.02.2024 17:22. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП